

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 48 (9366) | 1954 жылғы 5 март Жұма | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## ҚАЗАҚСТАН КОМСОМОЛЫНЫҢ VII СЪЕЗІ

3 мартта, Алматыда, қазақтың Абай атындағы мемлекеттік академиялық опера және балет театрында Қазақстан Лениндік Коммунистік Жастар Одағының VII съезі ашылды.

Съезд бірауыздан президиум, редакциялық және мандат комиссиясын, секретариат сайлады.

Мынадай күн тәртібі бекітілді:

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің есепті баяндамасы;  
Қазақстан ЛКЖО Орталық тексеру комиссиясының есепті баяндамасы;

Республика комсомол және пионер ұйымдарының жұмысы туралы баяндама;

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің мүшелерін, Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидаттарды,

Қазақстан ЛКЖО Орталық тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау;

ЛКЖО XII съезіне делегаттар сайлау.

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің секретары **Әбіразақов** жолдас Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің есепті баяндамасын жасады.

**Табуллин** жолдас Қазақстан ЛКЖО Орталық тексеру комиссиясының есепті баяндамасын жасады.

Бұдан кейін съезд Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитеті мен Орталық тексеру комиссиясының есепті баяндамаларын талқылауға көшті.

Қазақстан комсомолының VII съезі үш күнге созылады.

## Партияның шақыруымен—тың және тыңайған жерлерді игеруге барайық!

Алматы комсомолецтерінің алғашқы тобы Петропавлға келді

Тың және тыңайған жерлерді игеруге баруға тілек білдірген Алматы комсомолецтерінің алғашқы тобы республиканың солтүстік облыстарына аттанды деген хабарды естісімен-ақ Петропавлда оларды қарсы алуға өзіндік қызу жүргізіле бастады.

Жол ұзақ, үш күндік. Алматы жастары Мойынты-Шу темір жол магистралімен жүріп келеді. Бұл жол республиканың оңтүстігі мен солтүстігін байланыстырып жатыр. Айнала ұшы-қыйғы жоқ көп дала. Оның көпшілігіне тракторлардың ізі де түспеген. Жас жолаушылар бұл жерлерге вагон терезелерінен көз айырмай қарап, республиканың тың жерлер байлығына сүйсіне түскендей.

—Бізмізде 13 миллион гектардан аса тың жерлер игеріледі, оның тең жартысы Қазақстанда көтерілетіні, 125 астық совхозының 90-ы біздің республикамызда ұйымдастырылатыны осыдан екен ғой,—дейді алматылықтар қар басқан кең далаға көз жіберіп.

Біз Солтүстік Қазақстанға келе жатқан алматылықтар вагонына Петропавлға бірнеше километр қалғанда отырдық. Түн ортасы болатын. Петропавлға жетуге әлі үш сағаттай уақыт бар. Бірақ, вагондағылардың бәрі де ояу. Жастар салған әсем ән, музыка үні бір тынар емес.

Тың жер көтеруге біздің облысымызға келе жатқан жігіттер мен қыздар, қызу әңгімеге кіріскен. Олар жаңа жерді игеруге баруға қалай тілек білдіргендігін, туған қаласы —Алматымен, туған-туысқандарымен қалай қолтасқандығын, өздерін олардың қалай шығарып салғандығын әңгіме етіп отыр. Алматыда өткізген қызық өмір шақтарын бұлар ұмытар ма? Жастар партия қайда жіберсе, сонда баратындықтарын шын жүректерінен айтады олар.

Солтүстік Қазақстанға тың және тыңайған жерлерді игеруге күн сәулетті Алматыдан 70-тен аса комсомолецтер келді. Бұлар металл өңдеу, паровоз жөндеу заводтарының, трамвай паркінің, тігін, аяқ киім, темекі фабрикаларының және басқа да өнеркәсіп орындарының комсомолецтері мен жастары.

Біз вагон бөлмелерін түгел аралап, алматылықтармен әлденерін әңгімелестік.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге баруға дейін Алматының монтаж участогінде жұмыс істеді. Ол партияның шақыруымен біздің облысымызға тың жерді игеруге баруға өзі тілек білдірген.

Демеш Отарбаев Алматыға былай ғана келіп, № 1 баспаханаға орналасқан еді. Еліміздің комсомолецтері мен жастарының тың және тыңайған жерлерді игеруге бару жөніндегі үндеуі оған жаңа ой салды. Ол еліміздің мыңдаған комсомолецтері мен жастары сияқты механизация училищесіне оқуға баруға, одан кейін тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарға тракторшы болып баруға тілек білдірді.

Демештің әкесі — Жұмаш Отарбаев, шешесі Игілік Отарбаева Алматы облысы, Алматы ауданындағы «Қызылту» колхозының колхозшылары. Олар тың жерді игерудің қандай маңызы барын жақсы біледі. Сондықтан да олар Демештің тың және тыңайған жерлерді игеруге баруға тілек білдіруін қуана қарсы алды. Демештің әкесі мен шешесі Алматыға келіп, туған баласын тың және тыңайған жерлерді игеретін —Солтүстік Қазақстан облысына шығарып салды.

Дұрыс істедің, орынды жаңа таптың, балам. Сапарың оң болсын, адал еңбегіңмен үлгі бол. Біздің саған айтар ата-аналық ақылмыз осы, — деді Демешке оны ұзақ сапарға шығарып салған әкесі мен шешесі.

Біздің облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеруге келген алматылық Руслан Трапезниковтың шешесі Алматының ең қарт оқытушылардың бірі. Қарт оқытушы баласының партияның шақыруына үн қосып, тың және тыңайған жерлерді игеруге баруға тілек білдіруіне шын жүректен риза болды.

Партия шақырған жерге барып жұмыс істеуіңе, тракторшы болуыңа мен өте құсыямын, — деді қарт анасы оған жүрер алдында. —Менің сенен қалайтыным — жаңа жұмыс орынында Отаныңа адал қызмет істе. Сенің жақсы жұмыс істегеніңді естіп, мұнда мен қуанатын болайын.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге келген алматылықтардың ішінде теңарылар да, саясаткерлер де бар. Бұлардың бәрі тракторшы мамандығын алып, жаңа жер-

лейтын күретің тыңдаушысы Сотников жолдас алматылықтарды құттықтап. — Мен Алматының біздің облысымызға жаңа жерді игеруге келген патриот қыздарына партиямыз ала қойған ұлы міндеттерді орындауда зор табыстарға жетуіне тілектестік білдіремін.

Партия қойған міндеттерді орындауда комсомолдар әр уақытта алдыңғы сапта келеді. Жаңа жерді астық егуге пайдалануда да комсомолецтер мен жастар орасан зор ерлік істер істейді деп туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкіметіне сенім беруге біздің толық правомыз бар.

Жаңа жерді игеруге келген Алматының комсомолецтері мен жастарының атынан Алматының темекі фабрикасының жұмысшысы Ермоленко жолдас сөз сөйледі.

—Біз,— деді ол,—Солтүстік Қазақстанға туысқан Коммунистік партия ала қойған мұрделі міндеттерді орындауға, облыстың ұлан-байтақ тың жерін жайқалған өңірге айналдыруға келдік. Бұл істе үлкен қиыншылықтардың болатынын біз жақсы білеміз. Бірақ, біз одан қорықпаймыз. Өзіміздің күшті қолдарымызбен, бәләттай берік жігерімізбен қиыншылықтардың қандайын болсын жеңіп шығармыз. Мен бұған дейін темекі фабрикасында жұмыс істедім. Кәзір тың және тыңайған жерлерді егістікке пайдаланудың ең негізгі мәселе екенін біліп, өзімнің орным істің тағдыры шешілетін жерде—жаңа жерлерді игеретін аудандарда деп түсіндім.

Алматылықтардың өкілдері —комсомолецтер мен жастар облыстың тың және тыңайған жерлерін игеру ісінде жемісті еңбек етіп, астық өндіруді ұлғайтуда зор табыстарға жететіндіктеріне сенім білдіруге рұқсат етіңіздер. Алматының комсомолецтері мен жастары тракторшылар даярлайтын кұрста жақсы оқып, тракторшы мамандығын ойдағыдай меңгереді. Тың және тыңайған жерлерді көтеруде өнімді еңбек етеді.

Митинг аяқталды. Алматылықтар өсем бөселген перроннан өтіп, әзір тұрған автобуларға отырды. Олар қалаға келе жатыр.

Алматылық жас патриоттар бізді қайда орналастырар екен, деген ойда еді.





ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИН

## Ленин—Сталин туы астында

Бұдан бір жыл бұрын, 1953 жылғы 5 мартта данышпан Лениннің сенімді шәкірті және серігі, оның ұлы ісін алға шарушы Иосиф Виссарионович Сталин қайтыс болды.

Иосиф Виссарионович Сталиннің есімі Коммунистік партияға, совет халқына және дүние жүзінің барлық еңбекшілеріне ең жақын және ең қымбатты есім. Өйткені, ұлы Сталин өзінің бүкіл саналы және қасиетті өмірін халыққа қызмет ету, еңбекшілердің бостандығы мен бақыты, барлық халықтардың ынтымақтасуы мен достығын нығайту жолына жұмсады.

«Маған келсек, — деген болатын И. В. Сталин, — мен тек қана Лениннің шәкіртімін және менің өмірімдегі мақсатым — оның атын ақтарлық шәкірті болу». Шынында да И. В. Сталин ұлы Лениннің атын ақтаған шәкірті болды. Бүкіл совет халқы мен Коммунистік партияның жаппай сүйіспеншілігі мен шексіз сеніміне ие болған И. В. Сталин ұлы Ленин қайтыс болғаннан кейін отыз жылдай бойы өзінің сенімді серіктерімен бірге партия мен халықты Ленин жолымен алға бастап, бізді бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңіске, елімізде социализмнің жеңуіне жеткізді.

Бұдан жарты ғасырдан аса уақыт бұрын И. В. Сталин Ленин жолына түсіп, өмір бойы ленинизм идеяларын жүзеге асыру жолында тынбастан күресті. И. В. Сталин ленинизмді оппортунистердің және басқа жаулардың шабуылынан қорғап, партия бұқарасын ленинизм туы астына топтастырды, біздің партиямызды жауға қарсы күрестерде шынықтырып, оның бірлігін нығайта түсті.

1917 жылы Россияда жүзеге асырылған Ұлы Октябрь социалистік революциясы адамзат тарихында жаңа дәуір бастады, революциялық жолмен капитализмді талқандап, оның орнына социализм орнату дәуірін бастады. Октябрь революциясының нәтижесінде жер шарының алтыдан бір бөлегінде пролетариат диктатурасы орнады. Ал, Ұлы Октябрь социалистік революциясын ұлы Ленинмен бірге И. В. Сталин ұйымдастырып, оның табысты жүзеге асуын қамтамасыз еткен болатын.

Ұлы Октябрь революциясынан кейін И. В. Сталин Лениннің басшылығымен біздің социалистік мемлекетімізді орнатып, нығайтуға орасан зор еңбек сіңірді.

И. В. Сталиннің асқан дарындылығы мен қолбасшылық данышпандығы азамат соғысы мен интервенцияның сұрапыл

жылдарында айқын көрінді. Партияның Орталық Комитеті мен Ленин И. В. Сталинді майданның қандай қиын учас-төктеріне жіберсе де, ол жауды жеңудің лениндік жоспарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етіп отырды.

Коммунистік партияның И. В. Сталин бастаған Орталық Комитеті лениндік ілімді басшылыққа ала отырып, партия мен халықты елді социалистік жолмен индустриаландыруға, бүкіл халық шаруашылығын электрлендіру міндетін жүзеге асыру күресіне, еліміздің ауыл шаруашылығын социалистік негізде қайта құрудың көп-раптивтік жоспарын жүзеге асыруға, мәдениет революциясын жүзеге асыруға бастай білді.

И. В. Сталин жолдастың басшылығымен Коммунистік партия елімізде алғашқы бесжылдық жоспарлардың артығымен орындалуын қамтамасыз етіп, елімізді социализмнің жеңісіне жеткізді. Сол сияқты, Коммунистік партия Отанымыздың қорғаныс қуатын барған сайын нығайта беруге үнемі қамқорлық жасап келді. Осылардың нәтижесінде еліміз дүние жүзіндегі ең қуатты мемлекетке айналды.

1941—1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының нәтижесі бұл пікірімізді айқын дәлелдейді. Совет Қарулы Күштері Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігін қорғап қалумен бірге, Европа халықтарын да фашизмнің құлдығынан құтқарды. Ұлы Отан соғысының нәтижесінде совет әскерлері дүние жүзі империалистік реакциясының негізгі күшін талқандап, бүкіл халықаралық жағдайды мүлде өзгертті, демек, реакция күші азайып, әлсіреді, ал, демократия мен социализм күші молайып, нығая түсті.

Ұлы Отан соғысында Коммунистік партия совет халқы мен оның Қарулы Күштерінің дем беруші және жауынгерлік басшысы болды. Ол бүкіл елді жауынгерлік лагерьге айналдырып, жауды талқандауды ұйымдастыра білді. Партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің қарары бойынша еліміздің Қарулы Күштерінің басшылығына И. В. Сталин қойылды.

Гитлердің Германия мен империалистік Жапонияның талқандауы, совет халқының бүкіл дүниежүзілік тарихи-жеңіске жетуі Коммунистік партия саясатының данышпандығын тағы да айқын көрсетті.

Соғыстан кейінгі жылдарда Коммунистік партия бүкіл дүние жүзінде бейбітші-

лік ісін нығайту саясатын жүзеге асыру жолында дәйектілікпен күресе отырып, совет адамдарын халық шаруашылығын мейлінше өркендетуге және еліміздің еңбекшілерінің материалдық әл-ауқат дәрежесін жақсартуға беруге жұмылдыруда. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда да И. В. Сталиннің сіңірген еңбегі орасан зор.

Еліміздегі социалистік құрылыстың тәжірибесін және көзгірі замандағы халық аралық азаттық қозғалысының тәжірибесін қорыта келіп, И. В. Сталин маркстік-лениндік ілімді тарихи жағдайларға сәйкес жаңа қаридалармен байытты.

И. В. Сталин Совет мемлекетін нығайту, Совет мемлекетінің беріктігі мен жеңілмейтіндігінің қайнар бұлағы — жұмысшы табы мен шаруалардың одағын, көп ұлтты Совет мемлекетінің негіздерінің негізі — халықтар достығын нығайту жолында орасан көп еңбек сіңірді.

И. В. Сталиннің қайтыс болуы партия мен халық үшін ауыр қаза болды, совет халқы бұл қазаға қатты қайғырды.

Бірақ, совет адамдары мойымады, жасымады. Олар Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтасып, халық пен партияның бірлігі нығая түсті. Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен коммунистік құрылыстың барлық салаларында жылдан жылға орасан зор жаңа табыстарға ие болып отыр.

Партия мен үкметіміз халық шаруашылығының барлық салаларын, әсіресе, ауыл шаруашылығын мейлінше өркендетіп, халықтың материалдық әл-ауқат дәрежесін жақсартуға берік міндетін алға қойды. Совет адамдары партия мен үкмет алға қойған бұл міндетті жүзеге асыру жолында қажырлы күрес жүргізуде.

Көзір бүкіл еліміздің еңбекшілері СССР Жоғарғы Советінің сайлауына әзірленуде. Жұмысшылар, колхозшылар мен советтік интеллигенция бүкілхалықтық мереке — сайлау күніне лайықты өндірістік тартулар әзірлеуде. Совет адамдарының алдымыздағы сайлауға түгел қатынасып, коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына бірауыздан дауыс беретіндігі, сөйтіп, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің саясатына шексіз берілгендіктерін тағы да салтанат ететіндігі сөзсіз.

Совет халқы Коммунистік партияның басшылығымен, Ленин — Сталин туы астында коммунизмнің жеңісіне қарай сеніммен алға басуда.

жастардың өздерінің алдарына қойылған қандай қиын істі болсын жеңуге әзір-көндігіне, олардың қиыншылықтардың қандайынан болсын қорықпайтынына көзіміз жетті.

Вагон бөлмесінен орыс, украин қыздарының арасынан орта бойлы, қара көзді бір қыз шықты. Бұл Паризэ Атеева еді.

—Еңбегіңмен көзге түссең, бар құрмет-қошмет сенде, — дейді ол. — Қоғамға көп лайда келтіретін жерді тауып, сонда жұмыс істеу керек. Мен өзімнің орнымды тың және тыңайған жерді игеретін аудандарда деп білдім. Міне, сондықтан да Солтүстік Қазақстан облысына жаңа жерді игеруге баруға тілек білдірдім.

Паризэ Атееваның өткен өмір жолы өте аз болғанымен, тым қызықты. Ол әкешесінен жастай жетім қалғай. Оны тәрбиелеп өсірген совет өкіметі. Алғашқыда балалар үйлерінде тәрбиеленді, онан кейін мектепте оқын білім алды. Өзіне белгілі бір мамандық алысымен Алматының мақта-жіп иіру фабрикасында жіп иіруші болып жеті жыл жұмыс істеді. Мұнда ол еңбек озаттарының қатарында болды. Астананың комсомолдері мен жастары тың жерлерді игеретін аудандарға баруға тілек білдіргенде Атеева жолдас фабрика дирекциясына келіп:

—Тың және тыңайған жерлерді игеруге баратын жастардан мен де қалыспаймын. Менің орным да жаңа жерді игеретін аудандарда. Тракторшылар даярлайтын журстарда оқыймын, тракторшы боламын, тың жерді астық егуге пайдалануға тікелей өз үлесімді қосамын, — деп арыз берді. Оның тілегі қабылданды.

Облысымызға жаңа жер игеруге келген алматылықтардың бірі — Камал Момынов. Көзір оның жасы 18-ге. Төртінші разряд-

ды астық егуге пайдалануға тікелей үлес қосуға өздері тілек білдірген.

...Міне, Алматының біздің облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеруге шыққан комсомолдері мен жастарының әкеле жатқан пәезд Петропавлға келіп тоқтады. Солтүстіктің сақылдаған сары аязына қарамастан петропавлдықтар алматылықтарды қызу қарсы алды. Жас патриоттарды қарсы алуға қала әңкеркәсіл орындары мен мекемелерінен, партия, совет, комсомол, кәсіподақ ұйымдарынан көп адам келген. Вокзал ерекше көркем түрге енген. Оркестр ойнады. Алматылықтар вагоннан шықты.

Митинг басталды. ҚКМ облыстық комитетінің секретары Ниязбеков, ҚЛЖО облыстық комитетінің секретары Григорьев жолдастар облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеруге келген Алматының комсомолдері мен жастарын құттықтап сөз сөйледі.

Тракторшылар даярлайтын курстың тыңдаушысы Григорьев жолдас сөз сөйледі.

—Болып механизматорлардың атынан, — деді ол, — үлкен іске көмекке келген Алматының жас патриоттарын қызу құттықтаймын. Петропавлдың жастары мен комсомолдері де партияның шақыруына қызу үн қосты. Қаланың кәсіпорындарының жүздеген жігіттері мен қыздары көзір механизматорлар даярлайтын курстарда оқын жатыр. Олар бұл курсты ойдағыдай бітіріп, тракторшы мамандығын алады, бұдан кейін астық өндіруді ұлғайтудың негізі — тың және тыңайған жерлерді игеруге барады. Ұлы Отанымыздың игілігі үшін бәріміз бірлесіп, жемісті еңбек етейік.

—Біз сіздермен кездескенімізге өте қуаныштымыз, — деді тракторшылар даяр-

тақханаға келіп тоқтады. Петропавлдықтар олардың қамын ерте ойластырған. Жатар үй, төсек-орын — бәрі де әзір етілген.

Алматылықтарды қарсы алған петропавлдықтар олармен жатақханаға бірге келді. Тағы да қызу әңгіме басталды. Астана комсомолдері мен жастары облыстың жайын тегіс сұрап білуде. Олар әсерсе, оқудың, техниканың жайын көбірек сұрайды.

Астана патриоттары облыста тың және тыңайған жерлерді игеруге әзірліктің жең өріс алғанын қызыға тыңдады. Колхоздар мен совхоздарда тың және тыңайған жерлер іріктел алынууда, оларға қар тоқтатылып, жоғары сапалы тұқым әзірленіп жатыр.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге облысқа мемлекет тарапынан зор көмек көрсетіледі. Облысқа жаңа жерді игеру үшін жүздеген жаңа қуатты тракторлар келген. Бұл хабар астананың жас патриоттарын зор қуанышқа бөледі.

Алматының комсомолдері мен жастары облыстың шаруашылығы, жер байлығы, таңдаулы адамдары, механизматорлары, Социалистік Еңбек Ерлері, олардың еңбектегі ерліктері жөнінде де петропавлдықтардан қызықты әңгімелер естіді.

—Облыста игерілмей жатқан тың және тыңайған жерлер өте көп. Таңдаулы механизматорлармен ынтымақтаса еңбек етіп, облыстың трактор табаны тимеген тың жерін қысқа уақыт ішінде теңіздей толққан астықты алқапқа айналдырамыз, — дейді алматылықтар.

—Іске сәт, Отан игілігіне жемісті еңбек етіндер, алматылық жас достар!

Н. БӨКЕНОВ.



СУРЕТТЕ: Тың және тыңайған жерлерді игеру үшін біздің облысымызға Алматыдан келген комсомолқалардың бір тобы. (Солдан оңға қарай) отырғандар: Нина Старикова, Ольга Зайцева және Паризэ Атеева. Түрекеліп тұрғандар: Людмила Сергеева, Анна Москалева, Валентина Степанова, Клавдия Попниязова, Альбина Диринг және Мая Сливнева. Суретті түсірген А. Розенштейн.



# Лениннің ұлы ісін алға апарушы

Бұдан бір жыл бұрын, 1953 жылғы 5 мартта, данышпан Лениннің сенімді шәкірті және серігі, оның ұлы ісін алға апарушы Иосиф Виссарионович Сталин қайтыс болды.

И. В. Сталиннің есімі еліміздің халықтарына, бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне шексіз қымбат. Оның бүкіл өмірі жұмысшы табы мен барлық еңбекшілерді қанаушылардың тепкісінен азат етудің ұлы ісіне, коммунизмнің салтанаты жолындағы күрес ісіне жұмсалды. И. В. Сталиннің өмірі мен қызметі — халыққа қызмет етудің, еңбекшілер бұқарасының мүдделері үшін, оның еркін және бақытты тұрмысы үшін қаһармандық, жаңқырлық күрестің рухтандырушы өнересі.

Бұдан жарты ғасырдан аса уақыт бұрын, И. В. Сталиннің басшылығымен Россияда революцияшыл марксистік партия құрудың алғашқы қадамдары жүзеге асырыла бастаған кезде, И. В. Сталин Лениннің революциялық данышпандығына шексіз сеніп, Ленин жолына түсті. Ол ленинизм идеяларын жүзеге асыру үшін тынбастан күресті. «Маған келсек, — деген болатын И. В. Сталин, — мен тек қана Лениннің шәкіртімін және менің өмірімдегі мақсатым — оның атын ақтарлық шәкірті болу» (Шығармалар, қазақ тілінде, 13-том, 114-бет).

И. В. Сталиннің ілімін басылымға ала отырып, И. В. Сталин партияның Ленин белгілеген идеологиялық, ұйымдық, тактикалық және теориялық негіздерін оппортунистердің шабуылы жасауынан қорғап, партия бұқарасын ленинизмнің жауынгерлік туы астына топтастырды.

Революцияның данышпаны Ленин ұйымдастырып, шынықтырған біздің партиямыз қаһармандық күрестің, ауыр сындардың және бүкіл дүниежүзілік тарихи жеңістердің жарты ғасырлық даңқты жолын өтті.

Жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың жауынгерлік одағын ұйымдастырып, адамзаттың данышпаны И. В. Ленин бастаған Коммунистік партия Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісін, пролетариат диктатурасын орнатуды қамтамасыз етті. Октябрь революциясының жеңісі адамзат тарихында жаңа дәуір — капитализмнің күйреп, коммунизмнің салтанат құруы дәуірін бастады.

Октябрь революциясының жеңісінен кейін Коммунистік партия билеуші партияға, Совет мемлекетінің басшы және бағыт беруші күшіне айналды. Партияның алдына жаңа, социалистік мемлекет құрып, социализм орнатудың аса күрделі міндеттері мейлінше күшті қойылды. Жұмысшылар мен шаруалардың дүние жүзіндегі тұңғыш социалистік мемлекетін орнатуда және нығайтуда И. В. Сталин И. В. Лениннің ең жақын көмекшісі болды. Азамат соғысы мен интервенцияның сұрапыл жылдарында партияның Орталық Комитеті, И. В. Ленин И. В. Сталиннің майданның ең қауіпті участоктерінде жіберіп отырды. И. В. Сталин өзінің баат-

тізе бұғушілерді талқандап, ленинизмді қорғап қалды және елімізде социализм орнатуға батыл бағыт ұстады.

Елімізде социалистік құрылысты өрістетіп отырып, коммунистік партия қоғамның экономикалық дамуының объективтік заңдарына, қоғамның материалдық тұрмысын дамытудың пісіп жеткен тілектеріне, халықтың мүдделеріне сүйенді. Соның өзінде біздің елімізде толық социалистік қоғам орнату үшін қажетті жағдайдың бәрі толық бар деген И. В. Сталиннің нұсқауларын партия есіне беріп сақтады.

И. В. Сталин қайтыс болғаннан кейін біздің партиямыз И. В. Сталиннің басшылығымен совет халқы отыз жыл бойы Лениннің жолымен, елімізде социалистік негізде өзгертудің лениндік данышпандық жоспарды жүзеге асыру жолымен алға бастады.

И. В. Сталиннің сенімді шәкірті және оның ұлы ісін алға апарып, оның шәкірті атағын ақтаған И. В. Сталин коммунистер мен барлық совет адамдарын И. В. Сталиннің еңбектерін оқып — үйренуге, оның ілімін еруге, Ленинше өмір сүріп, жұмыс істеуге әрқашан да шақырып келді. «Ұстазымыз, жасөспіміз Ильичті есте ұстап, жақсы көріп, оқып-үйреніңдер, — деп жазды И. В. Сталин.

Ішкі, сыртқы жаулармен Ильичше күресіп, жеңіп отырыңдар.

Жаңа өмірді, жаңа тұрмысты, жаңа мәдениетті Ильичше жасаңдар.

Жұмыстағы кішкентай нәрседен ешқандай да бастартпаңдар, өйткені кішкентайдан ұлы нәрсе құралады, — Ильичтің маңызды өсиеттерінің бірі осы» (Шығармалар, қазақ тілінде, 7-том, 17-бет).

Партия өзінің бүкіл жұмысында Маркстің — Энгельстің, Лениннің — Сталиннің ұлы ілімін, Коммунистік партияның ұйымдастырып, Совет мемлекетінің негізін қалаған мәңгі жасаушы Владимир Ильич Лениннің дана өсиеттерін басшылыққа алып келеді. И. В. Сталиннің дана өсиеттерін орындай отырып, Коммунистік партия И. В. Сталин бастаған Орталық Комитеттің басшылығымен елімізде индустриаландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясатын дөйектілікпен жүргізіп, мәдениет революциясын жүзеге асырып, Отанымыздың халықтарын социализмнің жеңісіне жеткізді.

Социализм орнату жолындағы күресте Коммунистік партия өсіп, нығайды, өзінің бұқарамен, халықпен байланысын еселеп арттырды. Партияның Орталық Комитеті партия мүшесінің атағын және маңызын барынша арттырып отыруға тынбастан қамқорлық жасап келді. «Біз, коммунистер, — деген болатын И. В. Сталин, — ерекше сыйпатты адамдармыз. Біз ерекше материалдан пішілгенбіз. Біз — ұлы пролетар стратегияның армиясындағылармыз, Ленин жолдастың армиясындағылармыз. Осы армияда болу әбройыңа артық ешнәрсе жоқ. Ленин жолдас ұйымдастырып, басшылық еткен партияның мүшесі болу атағынан артық ешнәрсе жоқ» (Шығармалар, қазақ тілінде, 6-том

Отанымыздың қуаттылығының негізі — жұмысшы табы мен колхозшы шаруалардың одағын тынбастан нығайта беруді өзінің ең бірінші міндеті деп санайды.

Көп ұлтты Совет мемлекетінің негіздерінің негізі халықтар достығы болып табылады. И. В. Сталин халықтардың теңправолылығы мен достығы идеологиясын орнатты, партияның ұлт мәселесі жөніндегі сындарлы теориясын, программасы мен тактикасын жасап берді. Лениннің ұлт мәселелері жөніндегі программалық қағидалары И. В. Сталиннің шығармаларында, партияның қарарларында оған әрі дамытылды. Лениннің — Сталиннің ұлт саясатын жүзеге асыра отырып, Коммунистік партия Отанымыздың барлық халықтарын біртұтас туысқандық семьяға, ұлы Советтік Социалистік Республикалар Одағына топтастырды. Еліміздің халықтарының достығы советтік қоғамды дамытудың қуатты қозғаушы күшіне айналды. И. В. Сталин СССР халықтарының мызғымас достығын нығайту жолында тынбастан еңбек етті. Коммунистік партия еліміздің халықтарының достығын көздің қарашығындай сақтап, еңбекшілерді халықтардың достығы мен туысқандық идеологиясы рухында, пролетарлық интернационализм рухында қажырлылықпен тәрбиелеп келеді.

Коммунистік партия Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайту ісіне әрқашан да орасан зор көңіл бөліп келді. Ұлы Отан соғысында Коммунистік партия совет халқы мен оның Қарулы Күштерінің дем беруші және жауынгерлік басшысы болды. Ол ауыр сындар күндерінде өз қатарында тәттіректеу мен алауыздық дегенді білмейтін біртұтас жауынгерлік ұйым ретінде қыбыл жасады. Партияның Орталық Комитеті мен Совет үкметінің қарары бойынша Совет мемлекетінің Қарулы Күштерінің басшылығына Лениннің ұлы ісін алға апарушы И. В. Сталин қойылды. Партияның Орталық Комитеті тікелей соғыс жұмысында істеуге Н. А. Булганиннің, А. А. Ждановтың, А. С. Щербаковтың, Н. С. Хрущевті және Орталық Комитеттің басқа мүшелерін жіберді. Біздің социалистік Отанымыздың намысы мен тәуелсіздігі үшін болған сұранып шайқастарда Коммунистік партия халықпен бұрынғыдан анағұрлым біте қайнасты. Советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыстың өмірлік ұлы күшін, партия саясатының даналығы мен көрегендігін соғыс тағы да айқын көрсетіп берді.

Гитлерлік Германия мен империалистік Жапонияны талқандау нәтижесінде Европа мен Азияның бірқатар елдері империалистік системадан бөлініп шықты. СССР бастаған бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің қуатты лагерьі қалыптасты. Бул лагерьде совет халқымен бірге ұлы қытай халқы, Польшаның, Чехословакияның, Болгарияның, Венгрияның, Румынияның, Албанияның, Герман Демократиялық Республикасының, Монғол Халық Республикасының туысқан халықтары тығыз туысқандық бір-

варларымен қамтамасыз етілуін едәуір арттырудың кең программасын белгіледі. Бул міндеттерді іс жүзінде шешу коммунистік құрылыс программасының құрамды бөлігі болып табылады.

Партия халық шаруашылығын өркендету жоспарларын неғұрлым ойдағыдай орындау үшін біздің өнеркәсіптің қойнағындағы ішкі резервтерді кеңінен ашуда.

Коммунистік партия бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі болып табылатын астық шаруашылығын барынша өркендетуге өте зор көңіл бөлуде. Партияның саясаты астық өндіруді барынша күшейту үшін барлық резервтер мен мүмкіндіктерді пайдалануға бағытталып отыр. Дәнді өсітің шығымдылығын арттырумен қатар, партия әсересе Сибирь, Урал, Поволжье аудандарында миллиондаған гектар тың және тыңайған жерлерді игеру шарасын көздеуде. Мыңдаған совет патриоттары партияның шақыруымен мемлекеттік зор міндетті орындау үшін осы аудандарға баруда.

Партияның саясаты совет халқының әл-ауқатын оған әрі тынбастан арттыруға, оның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени тілектерін толық қанағаттандыруға бағытталып отырғанын совет адамдары өздерінің өмір тәжірибесінен айқын көруде. Мұның өзі Совет мемлекетінің тұрғын үйлер салуға, халық ағарту, денсаулық сақтау ісіне орасан көп қаржы бөліп отырғандығынан айқын көрінеді, мұның өзі көпшілік тұтынатын товарлардың бағасын үнемі кеміту саясатынан және басқа шаралардан да айқын көрінеді.

Партия XIX съезінің қарарларын мұлтқисіз жүзеге асыра отырып, өз қатарының бірлігі мен жауынгерлік қабілетін нығайтып, партияның ішкі демократиясын, өзара сынды, әсересе төменнен болатын сынды барынша өрістетіп, Ленин жасап берген партия тұрмысының нормалары мен партиялық басшылық принциптерін дөйектілікпен басшылыққа алып келеді. Партия туралы лениндік ілімде аса маңызды принциптердің бірі партия басшылығының коллективтік принципі болып табылады. И. В. Сталин революцияға дейінгі жылдардың өзінде ақ партияның Орталық Комитетін басшылардың коллективі, партияның принциптерін сақтаушы және түсіндіруші деп атаған болатын. «Орталық Комитет партияның принциптерін съезден съезге дейін сақтап, оларды түсіндіріп отырады» — деп көрсетті Ленин. Партияның Уставында көрсетілген партия тұрмысының берік нормаларын, бұлжытпай сақтауды Ленин әрқашан да талап еткен болатын.

Маркс — Энгельс — Ленин — Сталин теориясының ғылыми негізіне, халық бұқарасының творчестволық жігері мен талантилығына сүйенетін Орталық Комитеттің коллективтік тәжірибесі мен коллективтік даналығы партия мен елге дүрыс басшылық жасауды қамтамасыз етіп келеді.

# Жұмысшы-жастар кешкі мектептерінің жұмысына жете көңіл бөлінсін

Үстіміздегі оқу жылында облыста жұмысшы-жастардың 9 кешкі мектебі жұмыс істейді. Бұлардан бір орта және 5 жетіжылдық мектеп Петропавл қаласында, ал қалған үш мектеп Булаев, Смирнов және Мамлют поселкелерінде орналасқан.

Жұмысшы-жастардың кешкі мектептеріне оқушылар тарту ісі деркезінде және ойдағыдай жүргізілді. Соның нәтижесінде облыс бойынша кешкі мектептерге 1000 оқушы орнына 1674 оқушы қабылданды.

Кешкі мектептерде өз пәндері бойынша оқушылардың оқуды жақсы үлгеруін қамтамасыз етіп жүрген мұғалімдер аз емес. Бұлардың қатарына қаладағы кешкі мектептердің оқытушылары Макарова, Селиверстова, Буркина, Боровка, Афанасьева, Показило, Хамзина, Захаров, Берлина жолдастары және басқаларын қосуға болады. Оқытушы Показило, Селиверстова жолдастар бірінші төксанда оқуды толық үлгермеген көптеген оқушылардың екінші жарты жылдыққа оқуды үлгеретін оқушылар қатарына қосылуына жетісті.

Оқушылар арасындағы оқу және тәрбиелік жұмыстары, әсересе, қаладағы кешкі орта мектепте айтарлықтай жолға қойылған. Мұнда әдебиет, физика-математика үйірмелері жұмыс істейді.

Бұл мектептің оқушылар комитеті де айдарыдай жұмыс істейді. Председателі коммунист Талтановтың басқаруындағы оқушылар комитеті оқушылардың сабақты үлгермеушілігін болдырмау мәселесімен үнемі шұғылданып, оқуды нашар үлгерін олардың озат оқушылар қатарына қосылуына жетісіп отыр. Мәселен, 4-5 пән бойынша сабақты үлгері алмай жүрген бірнеше оқушылар көзір оқуды тек 4 пен 5-ке оқын жүр.

Орта мектеп оқушыларының көпшілігі комсомолдар. Тек мектеп комсомол ұйымының өзінде ғана 47 адам бар. Олар өздерінің жыйналыстарында СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы және комсомолдардың міндеттері, 1-тоқсанның оқу қорытындысы, оқуда жақсы көрсеткіштерін жетуде комсомолдардың рол туралы және басқа да мәселелер талқылады.

Алайда, кешкі мектептердің жұмысында елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Мәселен, жылдың басында қабылданған 1674 оқушының бірінші жартыжылдықтың аяғында 398-і оқуды тастап кетті. Қаладағы Киров атындағы завод жанындағы жетіжылдық мектепте жыл басында қабылданған 108 оқушыдан жартыжылдықтың аяғында тек 32 оқушы қалған. Оқушылардың мектепті тастап кетуіне олардың оқуды үлгері алмағандығы немесе сменаларын өзгерту жөнінде завод басшыларымен келісе алмағаны, тіпті ұзақ уақыт командировкаға шығып кетушілігі тағы басқалары себеп болған. Ал, мұндай жағдайларда аудандық, қалалық, облыстық комсомол комитеттері кешкі мектепте оқытындарға ешқандай көмек көрсетпеген.

Кешкі мектептердің көпшілігінің арнаулы үйлері де жоқ. Олар жеке бөлмелерде, завод клубтарында, залдары және

басқа осы сияқты мектепке арналмаған үйлерде жұмыс істейді. Ал, күндізгі мектеп үйлерінде жұмыс істейтіндеріне көпшілік жағдайда кластар жетіспейді. Мысалы, қаладағы орта мектепте 524 оқушы бар. Мұнда 19 класс жұмыс істейді. Мектеп үйінің жетіспегендігі салдарынан қазір олар төрт бөлек жерде сабақ өткізеді. Сол сияқты, № 5 жетіжылдық мектептің оқушылары үш жерде оқиды. Мұндай жағдайда мұғалімдердің едәуір уақыты бір үй мен бір үйдің арасында жүрумен өтеді.

Жұмысшы-жастар мектептерінің өз меншігінде көрнекі құралдарының жоқтығы оқу сапасының тиісті дәрежеге болмауына әсер етіп отыр. Көптеген кешкі мектептер сабақ уақытында карта, таблиц, схема, физика және химиялық аспаптарды күндізгі мектептерден алып пайдаланады. Бірақ, күндізгі мектеп басшылары бұл құралдарды үнемі беріп отырмайды. Ал, кешкі мектеп қызметкерлері көрнекі құралдарды қолдан жасау мәселесімен әлі шұғылданып келеді.

Мектеп жұмысындағы негізгі кемшіліктердің болуы тұрақты оқытушылар санының аз болуына байланысты. Өйткені күндізгі мектептердің кешкі мектептерде сабақ беретін оқытушылары күндіз жетісіне 20—28 сағаттан сабақ бергендіктен, кешкі мектептерде кластан тыс жұмыстар жүргізуге уақыты жетпейді. Осының салдарынан Булаев, Мамлют, Смирново кешкі мектептерінің класс жетекшілері өздерінің кластарында бірді-екілі жыйналыс өткізгеннен басқа ештеңе істемеген. Булаев мектебінде істейтін оқытушы Савина жолдас кешкі кластарда болатын сабағын өткізбеген. Өйткені, сол күні көмек оның күндізгі кластағы оқушыларымен жыйналыс өткізуі қажет болған. Ал, мектеп директоры Тарасев жолдас мұндай мәселені шешуге жәрдем бермей, елеулі қалдырған. Кешкі мектептерде істейтін бірсыпыра мұғалімдер сабақтан тыс қосымша жұмыстар жүргізуді өздеріне міндет деп білмейді. Жекелеген мұғалімдер жұмысына тиісті көңіл бөлмей, сабақтарын төмен дәрежеде береді. Мысалы, қаладағы № 2 жетіжылдық кешкі мектептің оқытушылары Кулинич және Брехова жолдастар өз сабақтарына дайындықсыз келіп жүрген. Ал, № 5 жетіжылдық кешкі мектепте орыс тілінде сабақ беруші Мельникова жолдас бірінші жартыжылдық бойына тіл сабағынан тиісті жаттығу, дағдыландыру жұмыстарын жүргізбеген.

Кешкі мектептерде осындай кемшіліктердің орын алуы салдарынан бірінші жартыжылдықтың қорытындысында облыс бойынша 1278 оқушының 427-сі оқуды үлгермеді.

Облыстың қалалық және аудандық оқу бөлімдері мен комсомол комитеттері бұл айтылған кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарып, жұмысшы-жастардың кешкі мектептерінде оқу сапасын жақсартудың нақтылы шараларын қарастыртаны жөн.

Е. ЖУБАНОВ,  
Облыстың оқу бөлімінің инспекторы



тыра білуімен, өзінің қолбасшылық ше- берлігімен азамат соғысының майданда- рында ақгвардияшылар мен интервенттер- ді талқандаудың лениндік жоспарын жү- зеге асыруды дәйектілікпен қамтамасыз етіп отырды.

Партия В. И. Лениннің басшылығымен советтік республикаларды бір одақтық мемлекетке — Советтік Социалистік Рес- публикалар Одағына біріктіру жөнінде орасан зор жұмыс жүргізді. Осы тарихи міндетті жүзеге асыруға И. В. Сталин көп еңбек сіңірді. ССРО-ның құрылуы еліміздің халықтарының тарихындағы бетбұрыс кезең. Совет өкіметін нығайтуда- ғы зор бедел болды. Совет Одағы өсіп өркендеп, халықаралық жағдайға ықпал ете алатын және оны еңбекшілердің мүд- делері үшін өзгерте алатын емеулі халық- аралық күшке айналды.

Пролетариат диктатурасын орнатқан- нан кейін Коммунистік партияның алды- на, билеуші партия ретінде, жаңа, со- циалистік қоғам орнатудың аса зор мін- деттері қойылды. Коммунистік партияның көсемі, Совет үкіметінің басшысы В. И. Ленин экономика жағынан артта қалған Россияны алдыңғы қатарлы, қуатты со- циалистік державаға айналдырудың ғы- лымға негізделген программасын жасап берді. Бұл программа елді социалистік жолмен индустриаландыруды, ауыр өнер- кәсіпті барынша өркендетуді, бүкіл ха- лық шаруашылығын электрлендіруді, елі- міздің ауыл шаруашылығын социалистік негіздерде қайта құрудың кооперативтік жоспарын жүзеге асыруды, мәдениет рево- люциясын жүзеге асыруды көздеді.

В. И. Ленин қайтыс болғаннан кейін партия мен халықтың жаулары — троц- кийшілер, бурхариншілер, буржуазияшы ұлтшылар — партия мен елімізді Ленин- нің жолынан тайдырып, пролетарлық ре- волюцияның жеңістерін жою және капи- талистік тәртіптерді қайта орнату жолы- на түсіруге тырысты. Коммунистік пар- тия И. В. Сталин бастаған Орталық Ко- митеттің басшылығымен, сатқындар мен

55-бет).

Коммунистік партия өз жолындағы ғы- лымшылықтарды батыл жеңіп, жаулар- дың қарсылығын өлтіре күйретіп, өзінің бастаушы күш ретіндегі позициясын үнемі сақтап, совет халқын социалистік қоғам орнату жолымен берік сеніммен алға бастап отырды, сансыз көп жаулар- ға қарсы күресте партия өз қатарының лениндік бірлігін сақтап, нығайтты, өзі- нің Орталық Комитетінің төңірегіне бу- рынғыдан да тығыз топтасты. Партия қатарының құрыштай берік бірлігі пар- тияның беріктігі мен жеңілмейтіндігінің шешуші шарты болды, болып отыр және бола береді. Коммунистік партия өзінің тарихи ұлы мақсаты мен міндетін ойда- дағыдай орындап келеді, өйткені ол ерік бірлігімен, қыймыл бірлігімен, тәртіп бір- лігімен топтасқан пікірлестердің құрыш- тай берік коллективі болып табылады.

ССРО-дағы социализм жеңісі — Ленин- нің дана өсиеттерін орындаудың нәтиже- сі. Коммунистік партияның аса зор ұйым- дастырушысы және бағыт беруші алып қызметінің аса ұлы қорытындысы, жұ- мысшылардың, шаруалардың және интел- лигенцияның қаһармандық жігерлі еңбе- гінің жемісі.

ССРО-дағы социалистік құрылыстың тәжірибесін және кәзіргі замандағы ха- лықаралық азаттық қозғалысының тәж- рібесін, қорыта келіп, И. В. Сталин марк- с-лениндік ілімді тарихи жаңа жағдай- ларға сәйкес творчестволықпен дамытты және бірқатар мәселелерде революциялық теорияны жаңа қағыйдалармен байытты. И. В. Сталин Совет мемлекетін нығайту үшін тынбастан еңбек етіп келді. Ол со- циалистік мемлекеттің беріктігі мен қуат- тылығы елімізде коммунизмді ойдағыдай орнатудың аса маңызды шарты болып табылады деп көрсеткен болатын.

Совет мемлекетінің беріктігі мен же- нілмейтіндігінің қайнар бұлағы — жұмыс- шы табы мен шаруалардың мығымас одағы. В. И. Ленин мен И. В. Сталин жұмысшы табы мен шаруалар одағынан пролетариат диктатурасының жоғары принципін көрді. Коммунистік партия

өздерінің ұлттық тәуелсіздігі мен бостан- дығы үшін күресуші қаһарман көркі халқы мен Вьетнам еңбекшілері алға ба- сып келеді.

\* \* \*

Ғылыми коммунизмнің теориясын твор- честволықпен дамыта отырып, В. И. Ленин ССРО-да коммунистік қоғам орна- тудың ғылыми программасын жасап берді. Кеменгер Лениннің мәңгі жасайтын еңбек- терінде советтік қоғамның коммунизмге қарай алға басу жолдары туралы негізгі принциптілік, теориялық нұсқаулар бер- ілген. Коммунистік құрылысты ұйымда- стыра отырып, біздің партиямыз И. В. Сталиннің еңбектерінде және партияның қарарларында онан әрі дамытылған Ле- ниннің осы программалық қағидаларына сүйеніп келеді.

Коммунистік партия ленинизм ілімін басшылыққа ала отырып, қоғамның ма- териалдық тұрмысын дамыту тілектерін және халықтың түбiрi мүдделерін білді- ретін ғылыми жағынан негізделген және ондаған жылдар күресте сыналған саясат жасап берді.

Совет халқы өзінің Коммунистік пар- тиясына шексіз сенім көрсетіп, оған жа- лынды сүйіспеншілігін білдіріп отыр, өйт- кені халықтың мүдделеріне қызмет ету партияның бүкіл жұмысының жоғары за- ны болып табылатынын халқымыз жақсы біледі. Еліміздің еңбекшілері Коммунистік партия мен Совет үкіметінің социалистік Отанымызды онан әрі көркейте беруді қамтамасыз ететін саясатына мүлтіксіз еріп келеді.

Партия социалистік экономиканың не- гіздерінің негізі ауыр өнеркәсіпті барын- ша өркендетіп келеді. Ауыр өнеркәсіпті өркендетуде қол жеткен табыстар халық тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркен- детуге қолайлы жағдай әзірледі. Комму- нистік партия мен Совет үкіметі жеңіл және тамақ өнеркәсібін жедел қарқынмен өркендетудің, сөйтіп, екі-үш жылдың ішінде еліміздің халқының көпшілік тұ- тынатын азық-түлік және өнеркәсіп то-

партияның саясаты халықтардың бей- бітшілігі мен хауіпсіздігінің тірегі — Со- вет мемлекетінің қуаттылығын онан әрі нығайтуға бағытталған. Совет мемлекеті халықтар арасындағы баянды бейбітшілік үшін, жаңа соғысқа жол бермеу үшін, демократия мен социализм лагерін нығай- ту үшін мейлінше батыл және аса зор қажырлылықпен күресуде.

Партия Совет мемлекетінің лениндік сыртқы саясатын, екі системаның — ка- питалистік және социалистік системалар- дың қатар өмір сүруі және бейбітшілікпен жарысуы мүмкін екендігі туралы ленин- iam қағидасына негізделген халықтар арасындағы бейбітшілік саясатын дәйекті- лікпен жүргізіп келеді. «Екі системаның ынтымақтасуы туралы пікірді алғаш рет Ленин айтқан болатын, — деді И. В. Сталин. Ленин — біздің ұстазымыз, ал, біздер, совет адамдары — Лениннің шәкірт- теріміз. Біз Лениннің нұсқауларынан еш- уақытта да тайған емесіміз және таймай- мыз да» («Правда», 8 май 1947 жыл).

Халықтың мүдделерін, совет адамдары- ның бейбіт еңбегін қырағалықпен қорғай отырып Коммунистік партия еліміздің шегінен тыс жерлерде халықаралық шиеленісті өршітіп, күшейтуге, жаңа соғыс бастауға тырысып отырған реакцияшыл империалистік күштер бар екенін есте ұстауда. Сондықтан, бейбітшілік саяса- тын берік және дәйектілікпен жүргізе отырып, партия Совет Одағының Қарулы Күштерін тынбастан жетілдіріп, нығайту- ды, Совет мемлекеті жауларының барлық және қандай да болса тіміскідеген әрекет- теріне қарсы совет халқының қырағылы- ғын арттыруды қажет деп санайды.

Советтік социалистік құрылыстың ұлы артықшылықтарына сүйене отырып, Ком- мунистік партия Лениннің — Сталиннің туы астында елімізді коммунизмнің толық жеңісіне қарай берік сеніммен бастап ке- леді. Совет адамдары өзінің туысқан Ком- мунистік партиясының басшылығымен елімізде коммунизм орнату программасын жеңіспен жүзеге асыратындығына қатты сенеді.

### Сталин туралы әңгімелер

Кеше сабақ аяқтала зоотехникалық жә- не мал дәрігерлік техникумының студент- тері, көсемдеріміздің портреттерімен және олардың сөздерінен үзінділер жазылған плакаттармен безендірілген шағын залға жыйналды.

Оқытушы Панлин жолдас И. В. Сталин- нің қайтыс болуына бір жыл толуына байланысты «Сталиннің өмірі мен қызме- ті» деген тақырыпта баяндама жасады.

И. В. Сталиннің қайтыс болуының бір жылдығына арналған әңгімелер механи- калық техникумның студенттері арасында да өткізілді. Техникумдағы топ жетекші- лері күндізгі сабақ арасында өз кла- сстарының студенттеріне И. В. Сталин туралы әңгімелер өткізуді ұйымдастырды.

### БЕЙІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУДЫҢ ВЬЕТНАМ КОМИТЕТІ АМЕРИКА- НЫҢ ИНДО-ҚЫТАЙДАҒЫ СОҒЫСҚА АРАЛАСУЫН АЙЫПТАУДА

ПЕКИН, 1 март. (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына қарағанда, бейбітшілікті қор- ғаудың Вьетнам комитеті мәлімдеме жариялап, онда Американың Индо- Қы- тайдағы соғысқа араласуын айыптаған.

— АҚШ бірнеше жылдан бері, — делін- ген мәлімдемеде, — француз отаршыл- дарына соғыс көмегін беріп келеді. Мұндағы олардың көздеген мақсаты — Индо- Қытайды американ соғыс базасы- на және отарына айналдыру болып та- былады. Кәзіргі уақытта Вьетнам, Кх- мер және Патет- Лао халықтарына қар- сы агрессияға тікелей қатысу үшін АҚШ американ самолеттерін және әс-

кери қызметшілерін жіберіп, бұл бағыт- та жаңа әрекет жасады.

«Кәзіргі уақытта, бүкіл дүние жүзі- нің халықтары бейбітшілікті қорғау жә- не халықаралық шиеленісті бөсеңдету үшін белсене күресіп отырған кезде, — деп мәлімдеген комитет, — АҚШ үкіметі Индо- Қытайдағы соғысқа өзінің арала- суымен Вьетнам, Кхмер және Патет- Лао халықтарының дербестігін бұзып ғана қоймай, сонымен бірге, Оңтүстік Шығыс Азияның барлық елдерінің хауіпсіздігіне қатер төндіруде». Аме- рикан империалистері, делінген мәлім- демеде, агрессиялық әрекеттерімен өз- дерінің «тәуелсіздік пен бостандық үшін күресуші халықтардың жаулары» еке- нін өшкерелейді.

### «БІТІМ ДОГОВОРЫ ҒАНА НЕМІС ХАЛҚЫНЫҢ ВОСТАНДЫҒЫ МЕН ТӘУЕЛСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ»

БЕРЛИН, 2 март. (СОТА). Бонн бундестагының реакцияшыл көпшілігі- нің Батыс Германияны бұрынғыдан да кең көлемде милитарландыру үшін Бонн конституциясына соғыс статьяларын қо- су туралы заң қабылдауы бейбітшіл немес жұртшылығының наразылықта- рын тудырды. Герман Демократиялық Республикасының қалалары мен село- ларында митингтер мен жыйналыстар өткізіліп жатыр, оған қатысушылар Бонн билеп- төстеушілерінің қайта қа- рулану жолындағы осы жаңа қадамын айыптауда. Герман Демократиялық Рес- публикасы халқының барлық топтары- ның өкілдері Бонн және Париж соғыс договорларына қарсы, Германияны бей- бітшілік, демократиялық негізде қайта біріктіру үшін күресуге ұмтылған күш- жігерін айқын көрсетуде.

Глаухауда болған митингке қатысу- шылар бірауыздан қабылданған қарар- да былай деп мәлімдеген: «Біз Герма- ния үшін «европалық қорғаныс бірлес- тігі» туралы договорды емес, бітім до- говорын талап етеміз».

Батыс Германияның халқы да, өкмет орындарының құдалауы мен террорын қарамастан, Бонн милитаристерінің ұлт- қа дұшпан саясатына қарсы наразылық білдіруде. Митингтер мен жыйналыстар- да, мәлімдемелерде, таратылған листов- каларда Германияның батысындағы не- міс патриоттары Бонн және Париж со- ғыс договорларын жоюды талап етіп, Бонн конституциясына соғыс статьяла- рын қосуда қарсы наразылық білді- руде.

### АВСТРАЛИЯДАҒЫ ЖЕР СІЛКІНУ

ПАРИЖ, 2 март. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Адelaideдан берген хабарына қарағанда, Австралия- ның оңтүстік бөлегінде 2 мартқа қара- ған түні жер сілкінуі байқалған. Ол 30

секундқа созылған, көптеген үйлер зияндалған. Жер сілкіну салдарынан бірнеше мың фунт стерлинг зиян кел- ген.

### ХРОНИКА

ССРО Жоғарғы Советі Президиумы Мария Дмитриевна Ковригина жолдас-

ты ССРО Денсаулық сақтау министрi етіп тағайындады.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумы А. Ф.Третьяков жолдасы ССРО Ден-

саулық сақтау министрi міндетінен бо- сатты.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БҮРГЕНДІ ТОҒАЙ»

«МЫЛТЫҚТЫ АДАМ»

Сеанстар сағат 8-40, 10-40-та баста- лады.

Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,30-10,10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.